



010000, Астана қаласы, Абай көшесі, 33а  
тел.: (7172) 90-92-60, 75-34-19, факс: 90-91-73  
www.kyzmet.gov.kz

010000, город Астана, улица Абая, 33а  
тел.: (7172) 90-92-60, 75-34-19, факс: 90-91-73  
www.kyzmet.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 02-1-11/1100 от: 27.02.2018

**ҚДП «Ақ жол» фракциясының  
депутаттарына**

**«Халық Коммунистері»  
фракциясының депутаты  
И.В.Смирноваға**

*2018 жылғы 2 ақпандағы № ДЗ-33 хатқа*

Сауалыңызды өз құзыретіміздің шегінде қарап, келесіні хабарлаймыз.

*Жергілікті мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдардың бос орындарын [epbek.kz](http://epbek.kz) электрондық еңбек биржасында орналастыру мәселесі бойынша*

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 27-бабы 3-тармағына сәйкес бос мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландырулар Агенттіктің және бос орындар бар мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында ашық орналастырылады.

Осылайша, өңірлерде, оның ішінде, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы мемлекеттік әкімшілік лауазымдар туралы ақпаратты Агенттіктің [www.kyzmet.gov.kz](http://www.kyzmet.gov.kz) интернет-ресурсында «Бослауазымдарға конкурстар» бөлімінде (өңірлік деңгейдегі конкурстар) көруге болады.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 7-бабы 2-тармағына сәйкес құқық қорғау органдарының орталық аппараттарында, ведомстволарында конкурс өткізу кезінде хабарландырулар құқық қорғау органдарының интернет-ресурстарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Аумақтық бөлімшелерде конкурс өткізу туралы хабарландырулар құқық қорғау органдарының интернет-ресурстарында, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Осылайша, мемлекеттік және құқық қорғау лауазымдарының ашықтығы қолданыстағы заңнамамен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңның 28-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың) болуы туралы мәліметтерді еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жіберуге міндетті.

Осы мүмкіндікті мемлекеттік органдар да пайдаланады.

Қазіргі уақытта Агенттіктің Астана қаласы бойынша департаменті мен «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің арасында бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдар [enbek.kz](http://enbek.kz) бірінғай ақпараттық еңбек базасында жариялауды көздейтін ынтымақтастық туралы меморандумының әзірленгенін атап өткеніміз жөн.

Осындай практиканы Қазақстанның басқа да өңірлерінде қолдану жаспарлануда.

*Ауылдық жерде жұмыс істейтін және тұратын мемлекеттік қызметшілерге қолдау шараларын көрсету мәселесі бойынша*

Қазіргі таңда Агенттік қосымша әлеуметтік, құқықтық кепілдіктерді ауылдық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге беру мәселесін пысықтау бойынша жұмыс жүргізуде.

Мемлекет басшысы ауылға жұмыс істеуге келген әлеуметтік саласындағы және агроөнеркәсіптік кешеніндегі мамандарға тұрғын үйді сатып алуға немесе салуға әлеуметтік кепілдіктерді беретін «Дипломмен ауылға» жобасын мемлекеттік қызметшілерге тарату туралы Агенттіктің ұсынысын қолдады (2017 жылғы 12 шілдедегі №17-1611-13 қарар).

Осы тапсырманы іске асыру мақсатында мүдделі органдардың келісімі бойынша тиісті іс-шаралар жоспары бекітілген.

Ауылдық деңгейдегі бос лауазымдардың 95%-ын құрайтын жоғары үлесі Е-Г-3, Е-Г-4 санаттардағы атқарушы лауазымдарға келетінін есепке ала отырып, аталған санаттар «Дипломмен ауылға» жобасы таралатын мақсатты санат болып анықталды.

Қазіргі уақытта «Дипломмен ауылға» жобасын ауылдық мекенде тұратын және жұмыс жасайтын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне қолдануды көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының тұжырымдамасы әзірленді.

*Конкурстарды уақтылы жариялауын бақылау және сыйлықақы төлеу үшін бос тұрған лауазымдарды ұстау практикасын жою мәселесі бойынша*

Мемлекет басшысы 2017 жылғы 3 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында бос лауазымдардан пайда болған қаражатты қайта бөлу есебінен мемлекеттік органдардың тиімді қызметкерлерінің еңбекақысын көтеру мәселесін пысықтау тапсырған (2017 жылғы 10 наурыздағы № 20-19/04-251//17-01-7.1).

Бұдан басқа, Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінің 13-тармағына сәйкес (2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 Үкімет қаулысы) сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақылар белгілеу үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, 2018 жылы пилоттық түрде төрт мемлекеттік органдарда (МҚІСЖҚІА, ӘМ, Астана қаласының және Маңғыстау обласының әкімдіктері) сынақтан өткізілетінеңбекақы төлеудің жаңа жүйесі Факторлы-баллдық шкалаға негізделген тұрақты бөлігін және ауыспалы – бонустарды көздейді. (Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 939 Үкімет қаулысы).

Яғни, лауазымдық айлықақы функционалдық бағытына және лауазымға жүктелген міндеттерге байланысты төленеді, ал ауыспалы бөлігі (бонустар) жыл қорытындысы бойынша **қызметшінің** тиімділігіне және нәтижелігіне қарай төленеді.

Үстемеақылар тек тәлімгерлік (айлықақыдан 20% дейін), уақытша болмаған мемлекеттік әкімшілік қызмешілерінің функцияларын орындағаны (айлықақыдан 30% дейін), мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтерді қамтитын құжаттармен жұмыс (айлықақыдан 5% дейін) үшін төленуі мүмкін.

Бонустарды төлеу үшін жеке **бонусқоры** көзделген.

Сондай-ақ құқық қорғау органдардың еңбекақы төлеу мәселесі мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органы – Ұлттық экономика министрлігінің құзыретіне кіретінін хабарлаймыз.

*Құрметпен,*  
**Төраға**

**А.Шпекбаев**



010000, Астана қаласы, Абай көшесі, 33а  
тел.: (7172) 90-92-60, 75-34-19, факс: 90-91-73  
www.kyzmet.gov.kz

010000, город Астана, улица Абая, 33а  
тел.: (7172) 90-92-60, 75-34-19, факс: 90-91-73  
www.kyzmet.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 02-1-11/1100 от: 27.02.2018

**Депутатам фракции ДПК «Ақ жол»**

**Депутату фракции  
«Народные Коммунисты»  
Смирновой И.В.**

*На № ДЗ-33 от 02.02.2018 г.*

Рассмотрев запрос в рамках своей компетенции, сообщаем следующее.

*По вопросу размещения вакансий местных государственных органов и правоохранительных органов на сайте электронной биржи труда [enbek.kz](http://enbek.kz)*

Согласно пункту 3 статьи 27 Закона «О государственной службе Республики Казахстан» объявления о проведении конкурсов на занятие вакантных государственных должности размещаются в открытом доступе на интернет-ресурсах Агентства и госорганов, имеющих вакансии.

Так, информацию о вакантных административных государственных должностях в регионах, в том числе в Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Павлодарской и Северо-Казахстанской областях можно найти на сайте Агентства [www.kyzmet.gov.kz](http://www.kyzmet.gov.kz) в разделе «Конкурсы на вакантные должности» (вакансии на региональном уровне).

В соответствии с пунктом 2 статьи 7 Закона «О правоохранительной службе» при проведении конкурса в центральных аппаратах, ведомствах правоохранительных органов объявления публикуются на интернет-ресурсах правоохранительных органов, а также в периодических печатных изданиях, распространяемых на всей территории Республики Казахстан.

Объявления о проведении конкурса в территориальных подразделениях публикуются на интернет-ресурсах правоохранительных органов, а также в периодических печатных изданиях, распространяемых на территории соответствующей административно-территориальной единицы.

Таким образом, действующим законодательством обеспечена открытость объявленных вакансий государственных и правоохранительных должностей.

Наряду с этим, подпунктом 1) пункта 2 статьи 28 Закона «О занятости населения» за работодателем закреплено обязательство направлять центру занятости населения сведения о наличии свободных рабочих мест (вакантных

должностей) в течение трех рабочих дней со дня их появления с указанием условий труда и оплаты.

Данную возможность также используют государственные органы.

Следует отметить, что в настоящее время между Департаментом Агентства по г. Астана и ГУ «Управление занятости, труда и социальной защиты города Астаны» заключен меморандум о сотрудничестве, согласно которому вакантные административные государственные должности также опубликовываются в единой информационной базе рынка труда [enbek.kz](http://enbek.kz).

Подобную практику планируется распространить и в других регионах Казахстана.

*По вопросу оказания мер поддержки государственным служащим, работающим и проживающим в сельской местности*

В настоящее время Агентством ведется комплексная работа по проработке вопроса дополнительных социальных, правовых гарантий для государственных служащих корпуса «Б» на сельском уровне.

Главой государства поддержано предложение Агентства, распространить на государственных служащих проект «С дипломом в село», в рамках которого специалисты социальной сферы и АПК, прибывшие на работу в село, имеют социальные льготы на приобретение или строительство жилья (*резолюция от 12 июля 2017 г. №17-1611-13*).

В реализацию этого поручения по согласованию с заинтересованными государственными органами утвержден соответствующий План мероприятий.

Поскольку наибольшая доля вакантных должностей приходится на исполнительские должности категорий Е-Г-3, Е-Г-4, что составляет 95 % вакансий на сельском уровне, данные категории были определены как целевые, на которые будет распространяться проект «С дипломом в село».

В настоящее время разработана концепция проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы и противодействия коррупции», предусматривающая распространение проекта «С дипломом в село» на административных служащих корпуса «Б», работающих и проживающих в сельской местности.

*По вопросу контроля за своевременностью объявления конкурсов и исключения практики содержания пустующих вакансий для начисления премий*

На расширенном заседании Правительства от 3 февраля 2017 года Главой государства поручено проработать вопрос повышения оплаты труда эффективным работникам государственных органов за счет перераспределения образовавшихся средств от вакансий (*20-19/04-251//17-01-7.1 от 10.03.2017 г.*).

Кроме того, в соответствии с пунктом 13 Правил премирования, оказания материальной помощи и установления надбавок к должностным окладам работников органов Республики Казахстан за счет средств государственного бюджета (*постановление Правительства № 1127 от 29.08.2001 г.*) премирование, оказание материальной помощи и установление надбавок осуществляются за счет экономии.

Вместе с тем, пилотно апробируемая в 2018 году новая система оплаты труда административных государственных служащих на базе четырех государственных органов (*АДГСПК, МЮ, акиматы г.Астаны и Мангистауской области*) предусматривает фиксированную часть на основе факторно-балльной шкалы и переменную – бонусы (*постановление Правительства «О некоторых вопросах оплаты труда административных государственных служащих в пилотном режиме» от 29 декабря 2017 года № 939*).

То есть, заработная плата оплачивается в зависимости от функционального направления и сложности возложенных задач **на должность**, а переменная (бонусы) в зависимости от эффективности и результативности **самого работника** по итогам года.

Надбавки могут выплачиваться **только** за наставничество (*до 20% от оклада*), выполнение функций временно отсутствующих служащих (*до 30% от оклада*) и работу с документами, содержащими сведения, составляющие государственные секреты (*до 5% от оклада*) за счет средств, предусмотренных на обеспечение деятельности пилотных органов.

Для выплаты бонусов предусмотрен отдельный **бонусный фонд**.

Также сообщаем, что вопросы оплаты труда правоохранительных органов входят в компетенцию уполномоченного органа по государственному планированию – Министерства национальной экономики.

*С уважением,*  
**Председатель**

**А.Шпекбаев**